



Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін орналастыру жоспарын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2016 жылғы 27 шілдедегі № 345 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 25 тамызда № 14155 болып тіркелді.

"Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін орналастыру жоспарын қалыптастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Жаңартылатын энергия көздері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін орналастыру жоспарын
қалыптастыру қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін орналастыру жоспарын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі Заңының 6-бабы 5-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін орналастыру жоспарын (бұдан әрі – ЖЭК орналастыру жоспары) қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) аудан – Қазақстан бірыңғай электр энергетикасы жүйесімен (бұдан әрі - БЭЖ) электр байланыстарының өткізу қабілеті шектелген, аталған ауданда электр желісіне жаңа өндіруші көздерді қосу мүмкіндігін шектейтін Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің аймағының (бұдан әрі - БЭЖ аймағы) бір бөлігі;

2) аудан шекарасы – ажыратылуы ауданның Қазақстан БЭЖ-нен толық бөлінуіне әкелетін электр желілік элементтер жиынтығы;

3) аукциондық сауда-саттық – аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы аукцион негізінде электрондық жүйеде ұйымдастыратын және өткізетін және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін орналастыру жоспары ескеріле отырып, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың жаңа объектілерін салу бойынша жобаларды іріктеуге және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясының аукциондық бағаларын айқындауға бағытталған процесс;

4) аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімі – аукциондық сауда-саттық қорытындылары бойынша аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушымен қалыптастырылатын және өткізілген сауда-саттықтың нәтижелерін растайтын құжат;

5) аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) – уәкілетті орган айқындайтын Заңда көзделген тәртіппен аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

6) басым шартты тұтынушылар - жұмыс істеп тұрған (2018 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген және уәкілетті орган Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесіне енгізбеген) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде иеленетін, өндіріп шығарған электр энергиясын осы аталған тұлға немесе тұлғалар тобы толық көлемде тұтынатын не жасалған екіжақты шарттарға сәйкес уағдаласқан бағалар бойынша тұтынушыларға өткізетін тұлға немесе құрамына шартты тұтынушылар және жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар кіретін тұлғалар тобы;

7) жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі - ЖЭК) – табиғи жаратылыс процестері есебінен үздіксіз жаңартылатын энергия көздері, олар мынадай түрлерді қамтиды: күн сәулесінің энергиясы, жел энергиясы, гидродинамикалық су энергиясы; геотермальдық энергия: топырақтың, жерасты суларының, өзендердің, су айдындарының жылуы, сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: биомасса, биогаз және электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын органикалық қалдықтардан алынатын өзге де отын;

8) жүйелік оператор – орталықтандырылған оралымды-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істеуді қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беруді, оған техникалық қызмет көрсетуді және оны пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды жүзеге асыратын ұлттық компания;

9) ЖЭК объектілерінің барынша рұқсат етілген қуаты – электр энергетикалық жүйенің техникалық мүмкіндіктеріне сүйене отырып анықталған электр желісіне қосылатын күн және жел электр станциялары қуатының барынша рұқсат етілген көлемі;

10) ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйым – ЖЭК пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

11) ЖЭК пайдалану объектісі – ЖЭК пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруге арналған техникалық құрылғылар және ЖЭК пайдалану объектісін игеру үшін технологиялық тұрғыдан қажетті және ЖЭК пайдалану объектісі меншік иесінің балансындағы, олармен өзара байланысты құрылыстар мен инфрақұрылым;

12) ЖЭК секторын дамытудың нысаналы көрсеткіштері – электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер өндіретін электр энергиясы көлемі үлесінің жоспарланатын көрсеткіші, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін, оның ішінде түрлері бойынша пайдалану объектілерінің жиынтық белгіленген қуаттылық көрсеткіштері;

13) БЭЖ аймағы – шекарасында Қазақстан БЭЖ-нің басқа бөлігімен салыстырғанда айырықша схемалық-режимдік жағдай болатын Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің бір бөлігі.

Қазақстан Республикасының БЭЖ үш аймақтан тұрады:

Солтүстік аймақ (Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары);

Оңтүстік аймақ (Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары);

Батыс аймақ (Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары);

14) уәкілетті орган – ЖЭК пайдалануды қолдау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының ЖЭК және электр энергетикасы салаларындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 25.10.2017 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2-тарау. ЖЭК орналастыру жоспарын қалыптастыру тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

3. ЖЭК орналастыру жоспары мынадай деректер негізінде қалыптасады және оны уәкілетті орган бекітеді:

1) ЖЭК секторын дамытудың нысаналы көрсеткіштері;

2) ЖЭК пайдалану объектісінің белгіленген электр қуаты, түрі мен БЭЖ орналастыру аймағы (ауданы) көрсетілген ЖЭК пайдаланудың жұмыс істейтін объектілерінің тізімі;

3) ЖЭК объектілерінің БЭЖ аймақтары (аудандары) бойынша және ЖЭК пайдалану объектілерінің түрлері бойынша барынша рұқсат етілген қуаты;

4) аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімі;

5) басым шартты тұтынушылардың ЖЭК пайдалану объектілерін салу бойынша жобалары.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 25.10.2017 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

4. ЖЭК-тің әр түрі бойынша, оның ішінде түрлері бойынша ЖЭК секторын дамытудың нысаналы көрсеткіштерін уәкілетті орган Заңның 6-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес бекітеді.

5. ЖЭК пайдаланудың жұмыс істейтін объектілерінің тізімі Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 11 ақпандағы № 74 бұйрығымен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерінің пайдаланылуына мониторинг жүргізу қағидаларына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10455 болып тіркелген) сәйкес қалыптастырылады;

6. ЖЭК объектілерінің барынша рұқсат етілген қуаты туралы ақпаратты жүйелік оператор жыл сайын 25 желтоқсаннан кешіктірмей, қолда бар деректер және жүйелік оператордың сұратуы бойынша өңірлік электр желілік компаниялар ұсынатын деректер негізінде және осы Қағидалардың 2-параграфына сәйкес жүйелік оператор орындаған есептеулер негізінде уәкілетті органға ұсынады.

7. Уәкілетті орган алдағы жылға ЖЭК объектілерінің БЭЖ аймақтары (аудандары) бойынша барынша рұқсат етілген қуатын бекітеді.

ЖЭК объектілерінің барынша рұқсат етілген қуатын қайта қарауды уәкілетті орган жыл сайын жүйелік оператордың осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес ұсынған ақпараты негізінде жүргізеді.

7-1. ЖЭК орналастыру жоспарын уәкілетті орган мынадай жағдайларда:

1) аукциондық сауда-саттық нәтижелері бойынша;

2) басым шартты тұтынушылардан келіп түскен өтініштерді қарау қорытындылары бойынша;

3) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10455 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 11 ақпандағы № 74 бұйрығымен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланылуына мониторинг жүргізу қағидаларына сәйкес мониторинг нәтижелері негізінде;

4) осы Қағидалардың 7-2-тармағында көзделген жағдайлар басталған кезде өзекті етеді.

Ескерту. Қағида 7-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 25.10.2017 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

7-2. ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар жобалары орналастыру жоспарынан мынадай жағдайларда алып тасталады:

1) электр желісіне қосуға техникалық шарттар берген энергия беруші ұйымға энергия өндіруші ұйым ЖЭК пайдалану объектілерін қосу туралы шарт жасасу үшін өтінімді уақтылы бермеген жағдайда;

2) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14108 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 27 шілдедегі № 343 бұйрығымен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін қосу туралы үлгілік шартты, сондай-ақ оны жасасу қағидаларында сәйкес белгіленген мерзімде ЖЭК пайдалану объектілерін қосу туралы шарт ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымның кінәсі бойынша жасалмаған жағдайда;

3) ЖЭК-ті пайдалану объектілерін қосу туралы шарт бұзылған жағдайда;

4) ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесінен алып тасталған жағдайда.

Ескерту. Қағида 7-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 25.10.2017 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2-параграф. ЖЭК объектілерінің барынша рұқсат етілген қуатын айқындау

8. ЖЭК объектілерінің барыша рұқсат етілген қуатын (бұдан әрі – лимиттер) айқындаудың мақсаты желілік инфрақұрылым тұрғысынан ЖЭК объектілерін елдің аумағы бойынша неғұрлым қолайлы орналастыруды анықтау болып табылады.

ЖЭК қуатының лимиттері мынадай тәртіпте есептеледі:

1) тұтастай Қазақстанның БЭЖ үшін лимиттер шамасы есептеледі;

2) Қазақстан БЭЖ-нің әрбір Солтүстік, Оңтүстік, Батыс желілік аймағы үшін жеке түрде лимиттер шамалары есептеледі;

3) қажет болған жағдайда аудандардың шекаралары анықталады және әр аудан үшін лимиттер шамасы есептеледі.

9. Қазақстанның БЭЖ үшін лимиттер мынадай үлгіде есептеледі:

1) күн және жел электр станциялары үшін жиынтық лимит:

Қазақстанның БЭЖ-іне арналған лимит ($V_{\text{БЭЖ}}$) Қазақстан БЭЖ-нің ішкі көздерінен алынатын реттеуші қуат көлемдерінің болуымен айқындалады және мына формулалар бойынша есептеледі:

$V_{\text{БЭЖ}} = (V_{\text{рет}} - V_{\text{кэс}}) / \text{БҚПК}_{\text{жэс}} + V_{\text{кэс}}$, мұнда:

$V_{кэс}$ – КЭС-тің белгіленген қуатының шамасы, ЖЭК объектілерін өндіру құрылымын оңтайландыру жағдайына сүйене отырып, КЭС үлесі ЖЭК объектілерінің жалпы үлесінің 1/3 ретінде қабылданады;

$BҚПК_{жэс}$ – ЖЭС-тің белгіленген қуатын пайдалану коэффициенті, 0,25 болып қабылданды. Бұл ретте күн электр станцияларының БҚПК-сы энергия жүйесінде электр жүктемесінің кешкі максимумы кездерінде күн электр станциялары қуат теңгеріміне қатыспайтынына байланысты ескерілмейді;

$V_{рег}$ - Қазақстанның электр станцияларындағы реттеуші қуаттың бар көлемі, мына формула бойынша есептеледі:

$$V_{рег} = P_{колд} - P_{тұтын.макс}, \text{ мұнда:}$$

$P_{колд}$ – Қазақстан БЭЖ-нің электр станцияларының маневрлі қуатының қысқы бақылау өлшеулер жүргізілген күнге жүктемелердің бір сағат максимумына шаққандағы иелік көлемі (соңғы үш жылдағы орташасы);

$P_{тұт.макс}$ – қысқы бақылау өлшеулері кезіндегі максималды қуат көлемі (соңғы үш жылдағы орташасы);

2) күн электр станцияларына арналған лимит:

$$V_{БЭЖ\ кэс} \leq 1/3 V_{БЭЖ}$$

10. БЭЖ аймақтарына арналған лимиттер былайша есептеледі:

1) Күн және жел электр станциялары үшін жиынтық лимит:

БЭЖ ($V_{аймақ}$) аймағының лимиті БЭЖ аймағының Қазақстан БЭЖ-імен электрлік байланысына белсенді қуатты рұқсат етілген лақтырудан айқындалады, мына формула бойынша есептеледі:

$$V_{аймақ} = P_{макс.рұкс.лақтыру} / КИУМ_{жэс}, \text{ мұнда:}$$

$P_{макс.рұкс.лақтыру}$ – Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 210 бұйрығымен бекітілген Электр желілік қағидаларға (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10899 болып тіркелген) (бұдан әрі – Электр желілік қағидалар) сәйкес Қазақстан БЭЖ-нің динамикалық үлгісінде есептелген барынша рұқсат етілген қуатты лақтыру;

БЭЖ-дің Солтүстік және Оңтүстік аймақтары лимиттерінің қосындысы ($V_{аймақ}$) БЭЖ-дің Батыс аймағы лимитін шегергендегі Қазақстан БЭЖ бойынша жалпы лимит шамасынан артық болса ($V_{Солтүстік\ аймағының} + V_{Оңтүстік\ аймағының} > V_{БЭЖ} - V_{Батыс\ аймағының}$), онда БЭЖ-дің Солтүстік және Оңтүстік аймақтарының лимиттері өздерінің көлемдеріне пропорционалды түрде сәйкес шамаға азаяды;

2) күн электр станцияларына арналған лимит:

$V_{аймақтың\ кэс}$ КЭС үшін БЭЖ аймақтары бойынша лимиттер $V_{БЭЖ\ кэс}$ КЭС жалпы көлемінен есептеледі. $V_{БЭЖ\ кэс}$ лимитінің жалпы көлемі күн сәулесінің белсенділігін БЭЖ-дің әр аймағының күн сәулесі әлеуетінің меншікті орташа шамасына

пропорционалды түрде таратуға сәйкес БЭЖ аймақтары бойынша мына формула бойынша таратылады:

$V_{\text{аймақтың кэс}} \leq V_{\text{БЭЖ кэс}} \times (КП_{\text{аймақ}} / КП_{\text{жиынтық}})$, мұнда:

$КП_{\text{аймақ}}$ – БЭЖ аймағының күн сәулесі әлеуетінің меншікті орташа шамасы, былайша қабылданады: БЭЖ-дің Солтүстік аймағы үшін 1250 кВт.сағ./кВ.м, БЭЖ-дің Оңтүстік аймағы үшін 1600 кВт.сағ./кВ.м, БЭЖ-дің Батыс аймағы үшін 1350 кВт.сағ./кВ.м;

$КП_{\text{сома}}$ – БЭЖ-дің үш аймағының күн сәулесі әлеуетінің меншікті шамаларының сомасы.

Бұл ретте $V_{\text{аймақтың кэс}} < P_{\text{макс.рұқс.лақтыру}}$ шарты сақталуы тиіс.

Егер $V_{\text{аймақтың кэс}}$ есептік шамасы $V_{\text{аймақ}}$ шамасынан артық болса, онда $V_{\text{аймақтың кэс}}$ шамасы $V_{\text{аймақ}}$ дейін төмендейді, ал айырмашылығы күн сәулесі әлеуетінің меншікті орташа шамасына пропорционалды түрде БЭЖ-дің басқа аймақтары бойынша таратылады.

11. Аудандарға арналған лимиттер мынадай үлгіде есептелінеді:

Аудандар шегінде желінің шектелген өткізу қабілеті бар аудандар болған кезде, Жүйелік оператор БЭЖ аймағы ішінде аудандар бойынша қосымша лимиттерді белгілейді.

Аудан лимиті күн және жел электр станцияларының қуаты бойынша жиынтық шектеуді белгілейді ($V_{\text{аудан}}$) және барынша рұқсат етілген ағындарды қамтамасыз ету лимиті бойынша айқындалады және мына формула бойынша есептеледі:

$V_{\text{аудан}} = P_{\text{бар.рұқс.}} - P_{\text{нақты}}$, мұнда:

$P_{\text{бар.рұқс.}}$ – Электр желілік қағидаларға сәйкес есептелген, барынша рұқсат етілген қуат ағыны;

$P_{\text{нақты}}$ - Аудан шекарасы бойынша тіркелген барынша белсенді қуат ағыны (соңғы үш жылдағы орташасы).

Егер БЭЖ-дің бір аймағына кіретін Аудандар лимиттерінің сомасы БЭЖ аймағының өзінің лимитінен артық болса, онда аудандар лимиттері өз көлемдеріне пропорционалды түрде сәйкес шамаға азаяды.

3-параграф. ЖЭК-ті орналастыру жоспары жобаларының кезектілігін айқындау

Ескерту. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 25.10.2017 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

4-параграф. ЖЭК орналастыру жоспары жобаларының тізімін қалыптастыру тәртібі

Ескерту. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 25.10.2017 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

5-параграф. ЖЭК пайдалану объектілерін орналастыру жоспарына қосу тәртібі

Ескерту. Қағида 5-параграфпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 25.10.2017 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

29. Уәкілетті орган Ұйымдастырушыдан Аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімін алған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ЖЭК пайдалану объектілерін салу бойынша тиісті жобаларды ЖЭК орналастыру жоспарына қосады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.08.2020 № 287 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Басым шартты тұтынушының өкілетті өкілі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға Басым шартты тұтынушылардың ЖЭК пайдалану объектісін салу бойынша жобаларын ЖЭК орналастыру жоспарына қосуға арналған өтініш (бұдан әрі – Өтініш) береді, оған мынадай құжаттар:

1) басым шартты тұтынушылардың мүдделерін білдіретін өкілетті заңды тұлғаның құрылтай құжаттары;

2) шартты тұтынушылар мен ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 165-бабына сәйкес бір тұлғалар тобының құрамына кіретіндігін растайтын құжаттар;

3) басым шартты тұтынушылардың мүдделерін білдіруге заңды тұлғаның құқығын растайтын құжаттар қоса беріледі.

31. Уәкілетті органның сұрау салуы бойынша жүйелік оператор ЖЭК пайдалана отырып өндірілетін электр энергиясының нақты және болжамды шамалары туралы және білікті шартты тұтынушылар құрамына кіретін шартты тұтынушылар желіге жіберетін көлемі туралы ақпаратты жолдайды.

32. Өтініштерді қарау және келісу кезінде уәкілетті орган мынаны:

1) ЖЭК секторын дамытудың бекітілген нысаналы көрсеткіштерінің шамасын;

2) осы Қағидалардың 31-тармағына сәйкес алынған деректерді;

3) Қазақстан Республикасының біртұтас энергетикалық жүйесінің техникалық мүмкіндіктерін ескереді.

33. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 32-тармағын басшылыққа ала отырып, 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде басым шартты тұтынушының Өтінішін қарайды және ЖЭК пайдалану объектілерін орналастыру жоспары мен Қазақстан Республикасының біртұтас энергетикалық жүйесінің техникалық мүмкіндіктеріне сәйкес ЖЭК түрін, ЖЭК пайдалану объектісі қуатының көлемі мен орналасу жерін келіседі.

34. Уәкілетті орган басым шартты тұтынушылардың ЖЭК пайдалану объектілерін салу бойынша жобаларын ЖЭК орналастыру жоспарына ЖЭК пайдалану объектісін пайдалануға бергенге дейін кемінде 6 ай қалғанда ЖЭК пайдалану объектісі электр қондырғының кешенді сынау өткізу күнінің басталуына дейін қосады.

Ескерту. 34-тармақ жана редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.08.2020 № 287 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бұл ретте, басым шартты тұтынушылардың ЖЭК пайдалану объектілерін салу бойынша жобалар туралы ақпараты осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес Басым шартты тұтынушылардың ЖЭК пайдалану объектілерін орналастыру жоспарында көрсетіледі.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін орналастыру жоспарын қалыптастыру қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Жаңартылатын энергия көздерін орналастыру жоспары жобаларының кезегіне қосуға арналған өтініш

(өтінім берушінің толық атауы)

қажетті құжаттар пакетімен ЖЭК-ті пайдалану объектісін салу жөніндегі

(жобаның толық атауы)

жобасын ЖЭК-ті орналастыру жоспары жобаларының кезегіне қосу үшін осы өтінімді жолдайды.

1. ЖЭК-ті пайдаланатын энергия өндіруші ұйым туралы жалпы мәлімет (атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, Қазақстан Республикасындағы орналасқан жері, почталық мекенжайы, Қазақстан Республикасындағы нақты мекенжайы, Қазақстан Республикасындағы байланыс телефоны, электрондық почта мекенжайы).

2. ЖЭК-ті пайдалану объектісі туралы деректер (бұдан әрі – Объект):

1) Объектінің пайдаланылатын ЖЭК түрі және жоспарланған орналасу орны көрсетілген Объекті атауы;

2) ЖЭК түрлері бойынша бөлінген, Объектінің өндіруші жабдығының белгіленген жиынтық қуаты;

- 3) Объектіні пайдалануға енгізудің жоспарланған күні;
4) Объектінің қуатын пайдаланудың болжамдық коэффициенті.
3. Объекті жабдықтары туралы деректер - өндіруші жабдықтың жеке бірлігінің қуаты көрсетілген Объектідегі өндіруші жабдықтың саны мен түрі.
4. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:
1) _____;
2) _____;
3) _____.

(Т.А.Ә. және лауазымы)

(қолы, күні)
(мөрі)

Ескертпе: ұйым бланкісінде толтырылады. Өтінімге бірінші басшы немесе ұйымның өзге уәкілетті тұлғасы қолын қояды.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану
объектілерін орналастыру жоспарын
қалыптастыру
қағидаларына 2-қосымша

Нысан
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Сіздің

(ұйымның (өтінім берушінің) толық атауы)
ЖЭК пайдалану объектісін салу жөніндегі

(жобаның толық атауы)
жобаға ауыстыру туралы ниетіңізге қатысты " ____ " _____ сұранымыңызға
жауап ретінде мынаны хабарлаймыз.

(ұйымның (өтінім берушінің) толық атауы)
ЖЭК пайдалану объектілерін салу бойынша _____
жобасын

(жобаның толық атауы)

жаңартылатын энергия көздерін орналастыру жоспары жобаларының тізіміне қосуға өз келісімін білдіреді.

(ұйымның (өтінім берушінің) толық атауы)

заңнамамен белгіленген тәртіпте ЖЭК-ті пайдалану объектілерін қосу туралы шарт жасауға өтінім беруге және шартты уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша жасауға міндеттенеді.

(Т.А.Ә. және лауазымы)

(қолы, күні)

(мөрі)

Ескертпе: ұйым бланкісінде толтырылады. Өтінімге бірінші басшы немесе ұйымның өзге уәкілетті тұлғасы қолын қояды.

Жаңартылатын энергия көздерін
пайдалану объектілерін
орналастыру жоспарын
қалыптастыру қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Ескерту. Қағида 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 25.10.2017 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.08.2020 № 287 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Басым шартты тұтынушылардың ЖЭК пайдалану объектісін салу бойынша жобаларын ЖЭК орналастыру жоспарына қосуға арналған өтініш

(басым шартты тұтынушының өкілетті өкілінің толық атауы)

(шартты тұтынушының (-лардың) толық атауы)

қажетті құжаттар топтамасымен бірге ЖЭК пайдалану объектісін салу бойынша

_____ жобасын ЖЭК
орналастыру

(жобаның толық атауы)

жоспарына қосу үшін осы өтінішті жолдайды.

1. Басым шартты тұтынушы туралы жалпы мәліметтер (атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, Қазақстан Республикасындағы орналасқан жері, пошталық мекенжайы, Қазақстан Республикасындағы нақты мекенжайы, Қазақстан Республикасындағы байланыс телефоны, электрондық пошта мекенжайы).

2. Басым шартты тұтынушының құрамына кіретін шартты тұтынушылар туралы ақпарат (атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, Қазақстан Республикасындағы орналасқан жері, пошталық мекенжайы, Қазақстан Республикасындағы нақты мекенжайы, Қазақстан Республикасындағы байланыс телефоны, электрондық пошта мекенжайы).

3. Басым шартты тұтынушының ЖЭК пайдалану объектісін (бұдан әрі - Объект) салу бойынша жобасы туралы деректер:

1) Объектінің пайдаланатын ЖЭК түрі және БЭЖ аймағын, облысын, ауданын көрсете отырып, Объектінің жоспарланған орналасу орны көрсетілген Объекті атауы;

2) ЖЭК түрлері мен жылдар бойынша бөле отырып, Объектінің генерациялайтын жабдығының белгіленген жиынтық қуаты;

3) Объектіні пайдалануға енгізудің жоспарланған күні;

4) Объектінің қуатын пайдаланудың болжамдық коэффициенті.

4. Объекті жабдығы туралы деректер - генерациялайтын жабдықтың жеке бірлігінің қуатын көрсете отырып, Объектідегі жабдықтың саны мен түрі.

5. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1)

—;

2)

—;

3)

—.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
және лауазымы)

(қолы, күні)

Ескертпе: ұйым бланкісінде толтырылады. Өтінішке бірінші басшы немесе өзге уәкілетті адам қолын қояды.

Жаңартылатын энергия көздерін
пайдалану объектілерін
орналастыру жоспарын
қалыптастыру қағидаларына
4-қосымша

**Ескерту. Қағида 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің
25.10.2017 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

Басым шартты тұтынушылардың ЖЭК пайдалану объектілерін орналастыру жоспары

№	ЖЭК орналастыру жоспарына қосқан күні	Ауданы, орналасқан жері	Басым шартты тұтынушылардың ЖЭК объектісін салу бойынша жобаның атауы	Жылдар бойынша бөлінген белгіленген қуаты, МВт/жыл	Болжамды орнатылған қуаттың пайдалану коэффициенті, %	Объект түрі	Басым шартты тұтынушылардың уәкілетті ұйымының атауы	Басым шартты тұтынушылардың құрамына кіретін шартты тұтынушылар (лар) атауы	Электр желілеріне қосылу нүктесі (лері)	ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні пайдалануға беру күні
БЭЖ аймағы										
Облыс										